



31 «тамыз» 2023 жыл  
№1 Педагогикалық кеңесте бекітілді  
ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы  
бойынша білім бөлімінің  
«Күршім ауылының балабақшасы КМҚК  
менгерушісі Н.К Кудабасева *Н.К. Кудабасева*

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК  
2023-2024 оқу жылдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарының  
**ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

2023 – 2024 оқу жылы

## Мектепке дейінгі білім ұйымы туралы мәлімет

### «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК туралы ақпараттық анықтама

**Мектепке дейінгі ұйымның атауы:** Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**Құрылтайшы:** Күршім аудандық әкімдігі

1. **Занды мекен-жайы:** Күршім ауданы Күршім ауылы, Бунтовских көшесі №14
2. **Факс:** 87233921203
3. **Жарғыны тіркеу:** 030840005311
4. **Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәлік:**
5. **Соңғы аттестаттау:** 24.09.2021 жыл
6. **Менгеруші:** Кудабоева Назым Кокешовна
7. **Құрылған жылы:** 2003 жыл
8. **Ғимарат түрі:** Типтік
9. **Топтар саны:** 6 **Бала саны:** 140
10. **Балаларды оқыту тілі:** қазақ
11. **Жұмыс аптасының ұзақтығы:** 10,5 сағат
12. **Ауысымдар саны:** 2
13. **Жобалық қуаттылығы:** 140 орындық
14. **Электронды поштасының мекен-жайы:** [kurchum.balabaksha@mail.ru](mailto:kurchum.balabaksha@mail.ru)

### Жоспарлау кезінде ескерілетін негізгі құжаттар:

«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК тәрбие-білім процесі жыл бойы бес күндік жұмыс уақытымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында бөбекжайдың жұмыс оқу жоспарын жасауда төмендегі нормативтік-құқықтық актілер басшылыққа алынды:

ҚР оқу-ағарту министрлігінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы;

«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы;

Жұмыс оқу жоспарының жалпы көлемі ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамызы №76 бұйрығымен бекітілген, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сай.

Балабақша жұмыс оқу жоспары 2022 жылдың 31 тамызында өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіледі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттері кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

### **2023-2024 оқу жылындағы балалар туралы ақпарат ТОПТАР САНЫ**

| <b>р\с</b> | <b>Топтың атауы</b>     | <b>Бала саны</b> |
|------------|-------------------------|------------------|
| 1          | «Айгөлек» кіші тобы     | 20               |
| 2          | «Ақбота» ортаңғы тобы   | 20               |
| 3          | «Қарлығаш» ортаңғы тобы | 25               |
| 4          | «Құлшынай» ортаңғы тобы | 25               |
| 5          | «Балдырған» ересек тобы | 25               |
| 6          | «Балапан» ересек тобы   | 25               |
|            | <b>Барлығы:</b>         | <b>140</b>       |

Балабақшада 6–топ жұмыс жасауда, 140 бала тәрбиеленуде, балалар жас ерекшеліктеріне сай топқа бөлінген.

### **КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

#### **Педагогтық құрамның сапалық және сандық сипаттамасы:**

| <b>р\с</b> | <b>Лауазымдар атауы</b> | <b>Саны</b> |
|------------|-------------------------|-------------|
| 1          | Меңгеруші               | 1           |
| 2          | Әдіскер                 | 1           |
| 3          | Педагог-психолог        | 1           |
| 3          | Тәрбиешілер             | 12          |
| 4          | Музыка жетекшісі        | 1           |
|            | <b>Барлығы:</b>         | <b>16</b>   |

Тәрбие - білім процессін 1 жылдан 30 жылға дейінгі педагогикалық өтілі бар 15 педагог жүзеге асырады. Педагогтардың жасы 25-дан 58-ге дейін.

Педагогикалық ұжым тұрақты, еңбекке қабілетті, ынталы, ұйымшыл.

Педагогтарда жоғары, арнайы орта білімдері, квалификациялары бар.

- 1- басшы – ұйымдастырушы
- 1 - жоғары санатты
- 1 - 1-ші санатты
- 9 – «Педагог – модератор» санаты
- 4 - квалификациялық санаты жоқ
- 6 - курстан өтті

#### **Материалдық техникалық база.**

Балабақша ғимараты қанағаттандырарлық жағдайда. Балабақшаның жарықтандыру, жылыту, су құбырлары, кәріз жүйелері жұмыс істеп тұр. Оқу процесін іске асыру үшін бала-бақша ғимаратында қарастырылған:

1. 6 топ бөлмешелер (ойын, ұйқы, қабылдау бөлмелер, гигиеналық, ыдыс жуу).
2. Музыкалық (спорт) зал.
3. Мед.блок (екпе жасау, изолятор, қабылдау).
4. Кір жуу бөлмесі: жуу, үтіктеу, сақтау бөлмелері.
5. Асхана: тамақ дайындау цехы, дайындау бөлімі, азық-түлік қоймасы.
6. Меңгеруші бөлмесі.
7. Әдіскер, психолог бөлмесі.

#### **Балабақша аумағында**

1. 6 топқа арналған ойын алаңы, гүл бақтары, ертегі әлемі, спорт алаңы.
2. Шаруашылық аумақ.

Балабақшада компьютер, интерактивті тақта, проектор, принтер, музыкалық центр, телевизор, интернет бар.

Әр топтың тәрбиешілері балалардың жастарына сай заттық-дамытушы ортаны жасады. Ойын, бейнелеу, танымдық, театрлық әрекеттерді дамытуға жағдай жасалған.

### **Тәрбиеші мамандарды топтар бойынша реттеу:**

| <b>р/с</b> | <b>Тәрбиешілердің аты-жөні</b>         | <b>Қызметі</b> | <b>Тобы</b>             |
|------------|----------------------------------------|----------------|-------------------------|
| <b>1</b>   | Тукушова Ляйля Кумаргазыновна          | тәрбиеші       | «Балдырған» ересек тобы |
| <b>2</b>   | Юсупова Айгерим Алпысбаевна            | тәрбиеші       | «Балдырған» ересек тобы |
| <b>3</b>   | Джансейітова Эльвира Ракымбаевна       | тәрбиеші       | «Қарлығаш» кіші тобы    |
| <b>4</b>   | Бердаулетова Гульмира<br>Кабдилбаровна | тәрбиеші       | «Қарлығаш» кіші тобы    |
| <b>5</b>   | Ерменова Альмира Ауганбаевна           | тәрбиеші       | «Ақбота» кіші тобы      |
| <b>6</b>   | Шаймұратова Жазира Болатбековна        | тәрбиеші       | «Ақбота» кіші тобы      |
| <b>7</b>   | Морланг Кристина Владимировна          | тәрбиеші       | «Құлпынай» ортаңғы тобы |
| <b>8</b>   | Нургазина Құралай Кайсарбековна        | тәрбиеші       | «Құлпынай» ортаңғы тобы |
| <b>9</b>   | Мұратова Қырмызы Бақытқызы             | тәрбиеші       | « Айгөлек» кіші тобы    |
| <b>10</b>  | Калигожина Арайлым Боранбаевна         | тәрбиеші       | «Айгөлек» ересек тобы   |
| <b>11</b>  | Рустемова Шынар Төлеуханқызы           | тәрбиеші       | «Балапан» ересек тобы   |
| <b>12</b>  | Кондыбаева Айжан Кайларқызы            | тәрбиеші       | «Балапан» ересек тобы   |

## 2022 -2023 жылда атқарылған жұмыстардың есебі

Балабақшада тізім бойынша 140 бала санын құрайды. Жас ерекшеліктеріне қарай балалар 6 топқа бөлінген. 6 топ жұмыс істеді. Оқу-тәрбие жұмысы мемлекеттік құжат «Үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде атқарылады. Оқу –тәрбие үрдісі 16 педагогтармен қамтамасыз етілген. Онда:

- Жоғары пед.білімі - 12
- Оның ішінде арнайы мектепке дейінгі тәрбие —3
- Қайта даярлау курс - 4
- Орта арнаулы педагогикалық білімі - 4
- Оның ішінде арнаулы мектепке дейінгі білімі – 4

Санаты бойынша : басшы – ұйымдастырушы - 1

жоғары санаты - 1

Педагог –модератор – 9

1-санат – 1

Санаты жоқ -4

2022 жылда балабақша педагогикалық ұжымы келесі міндеттерді басшылыққа алды, олар:

1. Балалардың танымдық – зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қоршаған ортаға қызығушылықтарын ояту.
2. Салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру және денсаулығын нығайту.
3. Отаншыл,еңбек сүйгіш, рухани-адамгершілік қасиеттерін бала бойына сіңіру.
4. Инновациялық технологияларды қолдану.
5. Ата-аналармен байланысты нығайту.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» бұйрығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығын басшылыққа алып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жаңа бағыт бойынша жұмыс атқаруда.

Мектепке дейінгі моделі, стандарты негізінде біріншіден оқу жоспарын құрдық, топ тәрбиешілері жаңа тәсілмен циклограммаларды жоспарлап жұмыс жасауда. Алдын ала педагог-тәрбиешілерге заман талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жаңа моделі стандарты бағыты бойынша кеңестер беріліп, семинар өткізілді.

Балабақшадағы әдістемелік жұмыс-бұл педагогтардың кәсіби деңгейлерін жетілдіруінің негізгі жолы, барлық ұжымның шығармашылық дамуына ықпал етеді, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын және тиімділігін арттырады. Әдістемелік қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие үрдісін жаңарту, сапалы білім беруді қамтамасыз

ету. Әдістемелік қызметтің табысты жұмыс істеуі көбіне кадрлармен сапалы жұмыс істеуіне байланысты болып келеді.

**Педагогтардың әдіскерлік деңгейін, педагогикалық біліктіліктерін жоғарылату.**

Педагогтардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыру үшін жоспар бойынша біліктілік көтеру курсына тәрбиешілер уақытымен жіберілді. Олар:

Саз жетекшісі Бұлжанов О.Р, тәрбиеші Тукушова Л.К «Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы» тақырыбында өткізілген 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсына қатысып №3016 сертификатқа ие болды.

Психолог Курмангалиева А.К «Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми – әдістемелік орталығы» - нан «Оқытушы дефектолог» тақырыбында 512 сағаттық біліктілікті арттыру куәлігі берілді.

Өз білім-біліктерін жетілдіру мақсатында педагогтар аудандық, облыстық шараларға қатысты. Биылғы 2022 - 2023 оқу жылында педагогикалық ұжым аудандық, облыстық сайыстарға белсенді қатысып, олжалы болды.

Шығыс Қазақстан облысының Білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығы ұйымдастырған «Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту: тәжірибе және перспективалар» тақырыбындағы облыстық 1- слетіне балабақшамыздан меңгеруші Кудабоева Н.К, саз жетекшісі Бұлжанов О.Р, тәрбиеші Заданова И.М және аудандық басқа балабақша әдіскерлерімен бірлесіп 5 адамнан құралған команда қатысып, облыс бойынша жүлделі 2-орын иеленіп сертификаттармен марапатталды.

2022 жылы 02 қазанда ШҚО ББ «Шығыс» өңірлік орталығы ұйымдастырған барлық мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Үздік мектепке дейінгі ұйым» республикалық байқаудың облыстық кезеңіне қатысып, 1-ші орынға ие болдық.

Балабақшамыздың саз жетекшісі Булжанов О.Р. «Балабақшада» атты кітабы аудандық деңгейде Қ Тұраров атындағы аудандық мәдениет үйінде, облыстық деңгейде А С Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында тұсау кесуі ұйымдастырылды, талай балабақшалар практикалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік алды.

Тәрбиеші Бердаулетова Г.К ШҚО білім басқармасының «Шығыс» өңірлік орталығы өткізген «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауының облыстық кезеңіне өтіп «Креативті педагог» аталымы бойынша марапатталды.

«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбындағы Тамыз конференциясының пәндік секциясында көпжылдық еңбек өтілі бар әдіскеріміз Кайшентаева Т.М көпжылдық тәжірибесімен бөлісіп сертификатпен марапатталды.

Балабақшамызда Аудан көлемінде балабақша мен шағын орталық тәрбиешілеріне «Ата – анамен тиімді тәсілдер» тақырыбында семинар өткізілді.

Оқыту және тәрбиелеу процесінде мектеп жасына дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеуге жағдай жасап, баланы жан-жақты дамыту мақсатында балабақшада семинарлар мен ақыл - кеңестер жоспарланып өтті. Тәрбиеші Тукушова Л.Қ «Проблемалық жағдаяттарды пайдалану арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру» тақырыбында семинар-практикум, психолог

Курмангалиева АК «Мен және менің ұжымым» тақырыбында семинар-тренингті технологияларды пайдаланып, шығармашылықпен, жауапкершілікпен бірлесіп осы шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

Балабақшамыздың жылдық жоспарына сәйкес «Алтын күз» тақырыбында ата-аналарға мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар қазан айында балаларды туған ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтуге, сүюге тәрбиелеу. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімге баулу мақсатында «Айгөлек» тобының тәрбиеленушілерімен "Ана тілім-айбыным" атты, «Балапан» ересек тобында «Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Балалардың Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімге баулу мақсатында «25 қазан- Республика күні» мерекесіне орай «Айгөлек» тобымен мерекелік ертеңгілік өткізілді. Желтоқсан айында «1 желтоқсан – тұңғыш Президент күні», «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында топта оқу іс-әрекеті ұйымдастырылып, «Тәуелсіз елім – Қазақстан». «Ауылым – алтын бесігім» атты суреттер көрмесі өткізілді. «Қош келдің, Жаңа жыл» ата - аналар қатысуымен жаңа жылдық мереке ұйымдастырылды. «Қош келдің, Әз Наурыз», «Қазақстан – ортақ үйіміз», «Жігіт сұлтаны», «Қош бол, балабақшам» атты ертеңгіліктер жоспарға сай өткізілді.

Қазіргі таңда бұрынғыдай 15-20 минутқа мақсат, міндет, күтілетін нәтиже қойылатын жекелеген сабақтар емес, жаңа стандарт нәтижесінде педагог-тәрбиешілер мақсатты ойындар, әр баланың жеке қабілеттерімен қажеттіліктерін ескере отырып, ойын, білім дағдыларын кіріктіру арқылы балалардың жас ерекшелігіне сай іс-әрекеттерді ұйымдастыруда.

Стандарттың 11 қарапайым қағидаларын, баланың бойында тиісті 9 қасиет қалыптасу мақсатында «Күршім ауылының балабақшасы» 2022 жылда жұмыс жоспарланып атқарылуда.

Атап айтсақ біріншіден ата-аналарды балабақша жұмысына кіріктіру, тығыз байланыс орнату және жергілікті компонентті қолдана отырып өз жерінің байлығын қорғау, қадірлеу мақсатында «Емдік, дәрілік шөптер» атты ата-аналармен біріккен жобалық іс-әрекеті өткізілді. Ересек топ тәрбиешілері Рустемова Ш.Т және Калигожина А.Б жоба барысында «Жасыл емдік әлеміне» саяхат ұйымдастырды, тәрбиеші Шаймұратова Ж.Б ата-аналарға кеңес ретінде «Білгеніңіз жөн» атты жадынама ойластырып таратты. Ауылымызда, балабақша маңында өсетін емдік шөптер бойынша толық мәлімет алып, гербарий жасады. «Жасыл дәріхана» атты акциямыз ұйымдастырылып, балабақша ата – аналары мен бүлдіршіндер бау бақшаларында ауыл аймақтарында қандай емдік шөптер бар екенін зерттеп білді. Жергілікті компонент іске асырылады.

«Жасыл планета» атты экологиялық акция ұйымдастырылды.

Тәрбиешілер балалармен адамдардың жүрегіне жету үшін үш қадам жасауды шешті, олар:

1-ші қадам: экологиялық плакаттарды б/бақша қабырғасына ілу.

2-ші қадам: ауыл тұрғындарына, ата-аналарымызға ауыл тазалығына, табиғатына ұқыпты қарауға шақыратын сурет-парақшаларды тарату.

3-ші қадам: асфальтта әлеуметтік суреттер салу.

Экологиялық акцияға қатысу балаларға алғашқы нәтиженің тірі әсерлерді, табиғат туралы түсініктерді жинақтауға және табиғатты қорғау қызметі туралы алғашқы дағдыларды алуға көмектесті. «Құлпынай» кіші топ тәрбиеленушілерімен балалардың тіл байлығын ұштау, қиялын және жан-жақты болуына ықпал ету мақсатында «Жасыл емдік дәрілік шөптер» атты ата-аналар мен балалардың бірлесіп істеген акция өткізілді.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау, салт-дәстүрімізді дәріптеу, ұлттық ойындарын ойнату бойынша Сарыөлең ауылының дүбірлі тойында өткен Бәйге жарысы, құрылған киіз үйлерін слайд арқылы «Айгөлек» тобының тәрбиешісі Мұратова Қырмызы Бақытқызы ұйымдастырылған іс-әрекетімен байланыстырып таныстырды.

«Күзгі қиял» атты шебер қолдар көрмесі тәрбиеленушілеріміз ата-аналарымен бірлесіп, көрмеге ауылымыздың бақшада, ауламызда өсетін көкеністерден табиғи заттарды қолдана отырып түрлі бұйымдар жасап, шығармашылық қабілеттерімен бөлісті. Осы біріккен іс –әрекетте балалардың қиялын дамытады, табиғат байлықтарының құндылықтарын, әсемдігін сезініп үйренеді, еңбекке баулиды және ата-аналар балабақша өмірімен тығыз байланыста болады. Сондай-ақ тәрбиеші Жансейітова Э.Р «Менің отбасым – менің мемлекетімнің кішкентай бөлігі» атты ата – аналармен бірлескен акция өткізді. Осылайша түрлі формада ұйымдастырылған жұмыс түрлері балабақша мен ата – ана арасындағы байланысты нығайта түсуде.

Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына баулу, эмоционалдық көңіл-күй орнату, дербестікке, командамен жұмыс істей білуге тәрбиелеу мақсатымен таза ауада «Денсаулық күні» КВЕСТ тапсырмалары арқылы, ойын түрінде ұйымдастырылып өткізілді. Және ата-аналар үшін жалпы балабақшалық «Балапан» қабырға газеті жарық көрді.

Сондай-ақ жыл көлемінде 5 педагогикалық кеңес жоспарланып өткізілді. Тамыз айында «Жаңа оқу жылына мектепке дейінгі мекеменің даярлығы» тақырыбында ұйымдастырушылық педагогикалық кеңес өткізілді. Бұл педагогикалық кеңесте жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырылып құжаттар бекітілді. «Тәрбиелеу – білім процесін ұйымдастыру» тақырыбында №2 педагогикалық кеңес қараша айында өткізілді. Бұл педагогикалық кеңеске арналған ашық көріністері өткізіліп, талқыланды. Атап өтетін болсақ, ересек топ бүлдіршіндерімен Ұлы Абай, Ы.Алтынсарин шығармалары бойынша сахналық көріністер қойылды. Тәрбиеші Кондыбаева А.К «Ы.Алтынсарин» тақырыбында танымдық – ақпараттық жоба өткізді. «Танымдық – зерттеу қызметін ұйымдастыру» тақырыбында №3 педагогикалық кеңес қаңтар айында өткізілді. Бұл педагогикалық кеңеске тәрбиеші Бердаулетова Г.К «Танымдық – зерттеу әрекеттерді тиімді ұйымдастырудың тәсілдері» тақырыбында шебер – сынып, тәрбиеші Нургазина Қ.Қ «Сәбіз жеген керемет» тақырыбында танымдық – экологиялық жоба өткізді. «Балалардың ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес әрекеттерін ұйымдастыру арқылы ой – қиялын, байланыстыра сөйлей білу, командада жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру» тақырыбында №4 педагогикалық кеңес ақпан айына жоспарланып

өткізілді. Тәрбиеші Шаймуратова Ж.Б «Шекілдеуіктің саяхаты» тақырыбында танымдық жоба. Тәрбиеші Нургазина Қ.Қ «Ертегіні өз қолымызбен жасаймыз» тақырыбында ұйымдастырылған ашық іс-әрекет, тәрбиеші Бердаулетова Г.К «Менің сүйікті ойыншығым» атты жоба өткізді. Жобаның мақсаты: Балалардың білімін, ой қорын молайту, ойыншықтар әлемінде бағдарлауды жақсартуға көмектесу, ойыншықпен ойын мүмкіндіктерін меңгерту. Тәрбиеші Джансейітова Э.Р «Күршім орманының тұрғындары» атты жоба өткізді. Жобаның мақсаты: Балалардың ормандарымыздың аңдары туралы түсініктерін кеңейтіп, тереңдетуге үлес қосу.

Тукушова Л.К тәрбиешілер арасында «Мақал сөздің ажарын келтіреді» тақырыбында тұрақты семинар өткізді. Қазақ халық ойындарын насихаттау мақсатында кіші топтар арасында «Ұлттық ойындар» атты сайысы өткізілді. Тәрбиеші Шаймуратова Ж.Б «Не? Қайда? Қашан?» тақырыбында интеллектуалды ойынды топ бүлдіршіндерімен жоғары деңгейде ұйымдастырды.

Балалардың бойындағы өнер, талантты ашу мақсатында «Бала сырын ашайық», «Екі жұлдыз» атты ашық ұйымдастырылған шара өткізілді. Әр топтан бүлдіршіндеріміз белсене қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.

1-Наурыз Алғыс күніне орай Балдырған тобының балалары Күршім аудандық ішкі істер бөлімі мамандарына, «Балапан» тобының бүлдіршіндері Күршім ауылының 30 Өрт сөндіру бөлімінің мамандарына барып, «Ақбота» тобының бүлдіршіндері Күршім ауданының өлкетану музейінің мамандарына алғыстарын білдірді.

Балабақша көлемінде «Үздік тәрбиеші» байқауы өткізіліп, тәрбиеші Шаймуратова Ж.Б бас жүлдеге ие болып, аудандық кезеңге жолдама алды. Аудандық кезеңде жүлделі 3 орынды иеленіп, аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.

Оқу жылы көлемінде балабақша тәрбиеленушілері көптеген республикалық, халықаралық сайыстарға қатысып, өз білімдерімен бөлісіп жүлделі орындарға ие болды. Республикалық «БІЛІМ НҰРЫ» орталығы ұйымдастырған сайысқа «Ақбота» тобының бүлдіршіндері белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, Қабдолда Нариман, Дәулетхан Айтолқын, Мухамедова Тамирис, Төлеухан Дәрмен 1 –орынға ие болса, Слямхан Аянат, Өмірбек Нұрхан 2-ші орын иеленді.

08.10.2021 ж. - 18.11.2021 ж. аралығында MEDIA BILIM республикалық журналы ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына «Қарлығаш» кіші тобының бүлдіршіндері қатысып, шығармашылық дарындылығымен ерекшеленгені үшін, Ерболатқызы Айзере, Бекболатов Алмас, Кенжеқан Нұрасыл, Қалиақпер Алихан, Кәкен Рамина, Берикулы Абдул – Карим, Нурланов Өмір, Нурсолтан Амир, Кеңеспек Рамиз І Дәрежелі ДИПЛОММЕН марапатталды.

«Ақбота» тобының тәрбиеленушілері Өмірбек Нұрхан, Қабдолда Нариман «Ғажайып қыс» атты республикалық байқауға қатысып, І дәрежелі дипломмен марапатталды. «Дарын» даму орталығының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылар арасында «Алтын күз» атты Республикалық шығармашылық

байқауына қатысып, сәндік- қолданбалы шығармашылық номинациясы бойынша ерекше өнер көрсеткен үшін «Балдырған» тобының тәрбиеленушілері Азаматұлы Жалғас, Миратұлы Ермахан, Нурланов Алихан, Серикова Жания, Серікбай Кәусар; «Ақбота» тобының тәрбиеленушілері Төлеухан Дәрмен, Мұханбетәліқызы Кәусар, Слямхан Аянат, Қасымхан Нұрайым, Қасымхан Алинұр, Құмарбек Жайна, Нұржан Ислам, Қабдолда Нариман, Ғалымбек Асель, Жанатова Ерке, Дәулетхан Айтолқын «Құлпынай» тобының тәрбиеленушілері Оралұлы Бейбарыс, Оралтаев Арсен Алмасович, Аслан Ғани Саятұлы «Айгөлек» тобының тәрбиеленушілері Ерланов Арсен; Қалымқанова Аяла; Қызырғали Ерсұлтан; Әділбек Алихан; Алтай Досмұхаммед; «Балапан» тобының тәрбиеленушілері Мұхтарова Медина, Қалибекова Айзере, Мейірқызы Айсана, Нұрланқызы Аянұр, Тұрғанбаева Аяла, Айдарбек Ақерке 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. «Балдырған» ортаңғы тобының бүлдіршіндері «Өрлеу Қазақстан қоғамдық қоры 05.03-25.04.2023 жыл аралығында республикалық балалар арасында өткізілген «Шуақты көктем» онлайн сайысына «Ақбота» тобының тәрбиеленушілері Төлегенов Елдар Бағланұлы дипломмен Жанбулат Сафия Ермаковна, Оралұлы Бейбарыс, Төлегенов Елдар, Жанбулат Сафия; «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілері Көкеш Айша, Жежеқан Нұрасыл; «Балапан» тобының тәрбиеленушілері Төлеубаева Рамина, Шаурахмет Ерали, Рақымғалиев Айсұлтан, Уәзірхан Айжан, Нұрланқызы Аянұр, Мұқитқан Ақназар, Қалибекова Айзере, Қалиакпер Айсұлтан, Бауыржан Аяла, Айтанов Айбар қатысып, өзінің ерекше қолөнер туындыларымен I дәрежелі жүлделі орын иеленіп, I дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Эврика» білім беру орталығымен ұйымдастырылған Республикалық «Армысың ару –нұр көктем!» атты көркемсурет байқауында Төлегенов Елдар жетекшісі: Кусаинова Айнуր Солтанбекқызы II дәрежелі № -ДОО16372 нөмерлі дипломмен, Оралұлы Бейбарыс жетекшісі: Тукушова Л.К.№ -ДОО16373 нөмерлі III дәрежелі дипломмен «Қарлығаш» тобының бүлдіршіндері Ғалымбек Анель, Саматұлы Алинұр 11 дипломмен марапатталды. «Қарлығаш» тобының бүлдіршіні Қанатқызы Асылым халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми – ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Балапан-бояулар әлемі» байқауына қатысып дипломмен марапатталды.

«Бала дарын» жасөспірімдер байқауы жобасының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушыларының арасында «Ғажайып қыс» атты республикалық байқауға «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілері қатысып Жежеқан Нұрасыл, Саматұлы Алинұр, Мухамедова Тамирис, Бекболатов Алмас, «Айголек» тобының тәрбиеленушілері Әділбек Алихан, Қалымқанова Аяла; «Балапан» тобының тәрбиеленушілері Сарқытов Нұрасыл, Тұрғанбаева Аяла, Айдарбек Ақерке, Мұқитқан Ақназар, Берікбол Нұрбол, Қалибекова Айзере, Мейірқызы Айсана, Нұрланқызы Аянұр қатысып I, II дәрежелі дипломдармен марапатталды.

**«Қызыққа толы сәттер»** жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фота, бейнесюжеттер республикалық байқауына қатысып, «Балдырған» ортаңғы тобының «Балабақша аландағы ағаштар» атты 1 минуттық бейнесюжет жіберілді.

Жарияланған мақалалар: аудандық Рауан газетіне «Ұлттық тәрбие балабақшадан» атты мақаламды жарияладым. Аудандық Рауан газетіне «Балабақшадағы мейрам» атты мақала жарияланды. «Абырой» ғылыми – әдістемелік журналына «Қыс» ашық сабақ жарияладым. «OZAT.KZ» республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналына мақаласы жарияланды.

## **СЕРТИФИКАТТАР:**

1. Ерменова А.А «Педагог» мектепке дейінгі тәрбие әдістемелік кеңес беру орталығынан «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиелеу мен оқытуда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» тақырыбында курсы аяқтады. Тіркеу нөмірі: 087 28.02.2022
2. Кондыбаева А.К «Жастардың волонтерлік бастамалаврын қолдау» жобасы аясында ұйымдастырылған волонтерлерге арналған оқыту семинарына қатысқаны үшін сертификат берілді.
3. Ерменова А.А «Ойыннан оқу іс-әрекетіне: мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқытудың заманауи тәсілдері» атты форумына қатысты. Тіркеу нөмірі: c01a93a1 06.01.2023
4. Ерменова А.А «Uzdik ustaz» әдістемелік білім беру орталығынан «Тәрбиешілер дайындайтын құжаттың әдістемелік негіздері мен міндеттері» тақырыбында 72 академиялық сағат көлемінде өткізілген курсты толық аяқтап шыққаны үшін берілді. Тіркеу нөмірі: №024 22.10.2022
5. Ерменова А.А Bilim Groupтан «Қашықтан онлайн білім беруде смартфон арқылы слайд түрінде видеосабақ дайындау тәсілі» Тіркеу нөмірі № 001029
6. Ерменова А.А «Uztaz Tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығының өткізген «Шебер педагог портфелі» атты біліктілікті арттыру семинарына белсене қатысқаны үшін сертификат берілді.
7. Ерменова А.А «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығының bilim-kilty.kz порталында өз педагогикалық тәжірибесімен бөлісіп мақаласын жарияланғанын растайды. Тіркеу нөмірі: №00022 25.10.2022
8. Ерменова А.А NAUKOWO CENTRUM EDUKACYJNE DLA MŁODYCH NAUKOWCOW KOPERNIKA W MIESCIE WARSZAWY за участие в Международной научно-практической онлайн – конференции «Роль МАНЭИиП» в образовательной системе Республики Казахстан» 21.05.2022г № 221
9. Ерменова А.А NAUKOWO CENTRUM EDUKACYJNE DLA MŁODYCH NAUKOWCOW KOPERNIKA W MIESCIE WARSZAWY за распространение и обобщение опыта на Международной научно-

- практической онлайн-конференция « Роль МАНЭИиП в образовательной системе Республики Казахстан» 21.05.2022 № 221
10. Ерменова А.А «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту 72 сағат. 26.05.2022 жыл № 0494341
  11. Тәрбиеші Нургазина Қ.Қ «Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен- «Инклюзивті білім беру: орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту» атты практикалық конференцияға қатысып, сертификатқа ие болды.
  12. Тәрбиеші Бердаулетова Г.К Қазақстан Қайта Даярлау және Бәліктілікті арттыру Орталығы «Арнайы білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері», «Педагогтің кәсіби құзыреттілігі: креативтілік, біліктілік, шеберлік» тақырыбында ұйымдастырылған семинарларға қатысып сертификаттарға ие болды.
  13. Тәрбиеші Калигожина А.Б «Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен- «Инклюзивті білім беру: орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту» атты практикалық конференцияға қатысып, сертификатқа ие болды.
  14. Психолог – дефектолог Курмангалиева А.К «Сана зияткерлік орталығынан» - «Арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау және білім беру ұйымдары жағдайында психологиялық – педагогикалық қолдаудың мазмұны» атты Республикалық онлайн семинарға 8 академиялық сағат көлемінде қатысқандығын растайтын – сертификат берілді.
  15. Психолог – дефектолог Курмангалиева А.К OQU – Bilim.kz Республикалық білім порталы өз еңбегін жариялау арқылы, Қазақстан аумағында өз тәжірибесімен бөліскені үшін расталатын – сертификат берілді. Тәжірибесімен бөлісті **«Өрт қауіпсіздігі әлеміне саяхат»** атты ашық сабақ (KOI)
  16. Qazaqstandyq Qaita Daiarlay jane Biliktilikti Arttyry Ortalygy – нан «Инклюзивті білім беру» тақырыбына Республикалық семинарға қатысқаны үшін – 8 академиялық сағат көлемінде қатысқандығын растайтын – сертификат берілді.
  17. Психолог – дефектолог Курмангалиева А.К «Өрлеу – өркендеу», Халықаралық ғылыми – ақпараттық танымдық тәрбиелік журналынан жалпы білім беру ұйымдарына мұғалімдеріне, дефектологтарға, психологтарға, логопедтерге «Инклюзивті білім беру» орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту» атты практикалық конференцияға қатысқан үшін сертификат берілді.
  18. Психолог – дефектолог Курмангалиева А.К «Педагог» мектепке дейінгі тәрбие әдістемелік кеңес беру орталығы «Step by step» қоғамдық қоры «Мектепке дейінгі ұйымның психолог маманының кәсіби

құзыреттіліктерін дамыту» тақыбырынба (8 а.с) онлайн семинарға қатысып сертификатқа ие болды.

19. Саз жетекшісі Бұлжанов О.Р «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы нәтижеге жету» мектепке дейінгі және бастауыш білім беру әдістемелік жұмыс тәжірибесін жинақтау облыстық әдістемелік қонақжайына қатысқаны үшін сертификатқа ие болды.

### ДИПЛОМДАР:

1. Бұлжанов О.Р Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында көркем әдебиетті кеңінен насихаттау мақсатында «Bilim INVEST» білім беру саласындағы инвесторлардың ұлттық қауымдастығы және «MANGILIK EL JASTARY» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген педагогтар мен балабақша тәрбиешілеріне және ата – аналарға арналған «Ертегісі бар елдің – ертеңгісі бар» атты республикалық байқауға қатысып, 1 орын алғаны үшін дипломмен марапатталды.
2. Ерменова А.А Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілері арасында «Бақытты балабақша» байқауына қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды. № 01695 2023 жыл
3. Ерменова А.А Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Шебер тәрбиеші» байқауына қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды. № 01723 2023жыл
4. Ерменова А.А «Абырой» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған республикалық ұстаздар байқауына қатысып, жүлделі 1 орынға ие болды.
5. Ерменова А.А «Халықаралық Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Жаңашыл Ұстаз» атты білім саласы қызметкерлерге арналған байқаудан І орынмен марапатталды. № 1908 2022 жыл
6. Ерменова А.А «Жарқын» республикалық ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен үздік ізденімпаз ұстаздар қызметкерлер арасында өткен «Мәңгілік ел ұстаздары» байқауына қатысып І орынмен марапатталды.
7. Курманғалиева А.К **Qazaqstandyq Qaita Daiarlay jane Biliktilikti Arttyry Ortalygy** – нан Республикалық олимпиадаға қатысқаны үшін «Мектепке дейінгі педагогика негіздері: психология» тақырыбындағы тесттен 40 балл алғаны үшін. Диплом І – дәрежелі және грамота берілді.
8. Курманғалиева А.К «Өрлеу – өркендеу», Халықаралық ғылыми – ақпараттық танымдық тәрбиелік журналынан Диплом І орын «Жаңашыл ұстаз» атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқаудан өзінің үздік жұмысымен танылғаны үшін берілді.

9. Курмангалиева А.К «Жарқын» Республикалық ғылыми – ақпараттық , танымдық – тәрбиелік журналының «Мәңгілік ел ұстаздары» байқауынан Диплом I орын берілді.
10. Курмангалиева А.К «Жарқын» Республикалық ғылыми – ақпараттық , танымдық – тәрбиелік журналының «Парасатты Педагог» атты байқаудан Диплом I орын берілді.
11. Курмангалиева А.К «Өрлеу – өркендеу», Халықаралық ғылыми – ақпараттық танымдық тәрбиелік журналынан Диплом I орын «Педагогика менің таңдауым» атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқаудан өзінің үздік жұмысымен танылғаны үшін берілді.
12. Курмангалиева А.К «Өрлеу – өркендеу», Халықаралық ғылыми – ақпараттық танымдық тәрбиелік журналынан Диплом I дәрежелі «Үздік педагог» атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқаудан өзінің үздік жұмысымен танылғаны үшін берілді.
13. Бұлжанов О.Р 2022 жыл - Балалар жылы ұйымдастырылған «Бүлдіршінге жыр арна» облыстық онлайн байқауына қатысып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес мазмұнды өлең шумақтарын ұсынғаны үшін 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.

#### **АЛҒЫС ХАТТАР:**

1. Ерменова А.А Bilimger.kz республикалық білім порталы білім беру саласында заманауи технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алмасып, Bilimger.kz республикалық білім порталына онлайн семинарға қатысып, ғаламтор кеңістігін қолдану арқылы білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық – коммуникациялық технология бағыттарының дамуына үлес қосқаны үшін марапатталды. Тіркеу нөмірі: №001269
2. Ерменова А.А Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» (22.08-02.09.2022) курсына өз тәжірибесімен бөліскені және белсенділік танытқаны үшін алғыс білдіреді.
3. Ерменова А.А «OZAT.KZ» республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналынан өз ісінің үздігі, майталманы, Республикамыздың тәжірибелі ұстаздары мен тәрбиешілері арасында өзінің педагогикалық тәжірибелерімен бөлісуге ерекше ықылас танытқаны үшін марапатталды.
4. Кусаинова А.А, Тукушова Л.К «Шуақты көктем» онлайн сайысына жүлдегерлерді дайындаған үшін № 10181 нөмерлі Алғыс хатпен марапатталды.
5. Тукушова Л.К, Нургазина Қ.Қ «Дарын» даму орталығының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылар арасында «Алтын күз» атты Республикалық шығармашылық байқауына балаларды белсенді дайындаған үшін Алғыс хатпен марапатталды.
6. Тәрбиеші Шаймұратова Ж.Б Күршім ауданының білім саласына қосқан зор үлесі және еңбектегі қол жеткен табыстары үшін Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

7. Тәрбиеші Кондыбаева А.К «Бала тілін қалыптастыруда ертегінің атқаратын рөлі» тақырыбында өткен аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөліскені үшін марапатталды.
8. Тәрбиеші Бердаулетова Г. К. Шаймұратова Ж.Б Бала дарын» жасөспірімдер байқауы жобасының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушыларының арасында «Ғажайып қыс» атты республикалық байқауға шәкірт дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
9. Тәрбиеші Бердаулетова Г.К «Өрлеу-өркендеу» ғылыми – ақпараттық танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Балапан-бояулар әлемі» байқауына шәкірт дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
10. Тәрбиеші Бердаулетова Г.К «Алтын білім кілті әдәстемелік зерттеу орталығы өткізген үздік педагог 2022» атты республикалық шығармашылық байқауға қатысқаным үшін Алғыс хатпен марапатталды.
11. Тәрбиеші Калигожина А.Б, Мұратова Қ.Б. Кондыбаева А.К, Рустемова Ш.Т «Бала дарын» жасөспірімдер байқауы жобасының ұйымдастыруымен даму орталығының ұйымдастыруымен балабақша және мектеп оқушылары арасында болған "Ғажайып қыс" атты республикалық шығармашылық байқауына балаларды белсенді дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
12. Тәрбиеші Мұратова Қ.Б Қ.Р Президенті Қ.Тоқаевтің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы» атты бағдарламалық мақаласын педагогтер арасында кеңінен насихаттау мақсатында *«Алтын білім кілті»* әдістемелік ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізілген «Үздік педагог-2022» атты республикалық шығармашылық байқауға қатысып алғыс хатпен, сертификатпен марапатталды.
13. Тәрбиеші Кондыбаева А.К Республика күніне орай «Алтын Бала-2022»Республикалық байқауға шәкірт дайындағаны үшін марапатталды.
14. Тәрбиеші Кондыбаева А.К Өрлеу «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін дамыту»тақырыбында өз тәжірибесімен бөліскені үшін марапатталды.
15. Тәрбиеші Кондыбаева А.К «Абырой» Республикалық интеллектуалды білім порталы Республикалық қашықтықтан өткен байқауға шәкірт дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
16. Тәрбиеші Кондыбаева А.К Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай ұйымдастырылған байқауға шәкірт дайындағаныңыз үшін марапатталды.
17. Саз жетекші Бұлжанов О.Р «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін дамыту» тақырыбында біліктілігін арттыру курсына өз тәжірибесімен бөлісіп, педагогтер жұмыстарын ұйымдастыруда қолдау көрсеткені үшін алғыс хатпен марапатталды.
18. Саз жетекші Бұлжанов О.Р «Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту: тәжірибе мен перспективалар» облыстық слетіне белсенді түрде қатысып, іс – тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс хатпен марапатталды.

## МАДАҚТАМАЛАР:

1. Саз жетекші Бұлжанов О.Р ШҚО ББ «Шығыс» өңірлік орталығының Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы жетістіктері, жоғары кәсібилігі мен біліктілігі, адалдығы мен қажырлы еңбегі үшін ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫмен марапатталды.
2. Саз жетекші Бұлжанов О.Р Шығыс Қазақстан облысының білім саласына қосқан зор үлесі үшін ШҚО білім басқармасының ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫмен марапатталды.
3. Тәрбиеші Шаймұратова Ж.Б Мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілері арасында өткен аудандық «Үздік балабақша тәрбиеші - 2022» байқауында 3 орын грамотасымен марапатталды.
4. Ерменова А.А Республикалық білім порталына Республика көлемінде жаңа ақпараттық технология арқылы әдістемелік тәжірибе алмасып, белсенділік танытқаны үшін марапатталды. Тіркеу нөмірі: №001569 20.04.2023
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану» тақырыбында аудандық семинарға қатысып, «Мектепке дейінгі ұйымда ойын технологиясын қолдану» тақырыбы бойынша іс-тәжірибеммен бөлісіп, I-орынға ие болып, аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.
6. Тәрбиеші Бердаулетова Г.К MEDIA BILIM республикалық журналы ұйымдастырылған «Қош келдің, алтын күз» байқауына шәкірттерін қатыстырып, өскелең ұрпақтың бойына дарындылық пен шеберлікті дамыту мақсатында қосқан үлесі үшін ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН марапатталды.
7. Тәрбиеші Шаймұратова Ж.Б Күршім ауданы бойынша мектепке дейінгі мекемелер педагогтерінің шығармашылығының I фестиваліне қатысып «Тәрбиеленуші шығармашылығы» бөлімі бойынша 2 орынға ие болды.

Білім беру дағдылары бойынша балалардың білім деңгейлері бақыланды. Бақылау қорытындысы бойынша білім сапасысының мониторингі:

| № | Білім салалары | бастапқы | аралық | қорытынды |
|---|----------------|----------|--------|-----------|
| 1 | денсаулық      | 50%      | 75%    | 90%       |
| 2 | шығармашылық   | 55%      | 80%    | 91%       |
| 3 | таным          | 45%      | 78%    | 89%       |
| 4 | қатынас        | 65%      | 78%    | 90%       |
| 5 | әлеумет        | 50%      | 79%    | 92%       |

Балалардың білім- білік дағдылары Стандартқа сай. Үлгілік оқу бағдарламаны толығымен меңгеруге дайын.

Атқарылған жұмыстың қорытындысын шығара отырып және қорытынды, тақырыптық тексерулердің, өзіндік талдаудың, балалардың білім-білік дағдыларын меңгерудің нәтижелерін ескере отырып алдағы 2023-2024 оқу жылына педагогикалық ұжым келесі мақсат пен міндеттерді қояды:

### **2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.**

#### **Мақсаттары:**

**Физикалық қасиеттерді дамыту:** денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

**Коммуникативтілік дағдыларды дамыту:** балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:** баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

**Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту:** қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту:** балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу.

#### **Міндеттері:**

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
